



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2020 жылғы 10 қыркүйегі

№ 524

Шалқар қаласы

город Шалқар

Шалқар ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңының 8 және 9 баптарына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Шалқар ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы
Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы**

Ж. Былқайыр

С. Бигеев

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 18.09.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 7444 болып енгізілді

Результаты согласования

Шалкарского районного маслихата - председатель сессии Жанкелді Шыманұлы Былқайыр, 15.09.2020 19:18:55, положительный результат проверки ЭЦП

Шалкарского районного маслихата - секретарь маслихата Скак Изтлеуович Бигеев, 15.09.2020 19:19:42, положительный результат проверки ЭЦП

Шалкарского районного маслихата - председатель сессии Жанкелді Шыманұлы Былқайыр, 15.09.2020 19:20:37, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актыубинской области - Заместитель руководителя Департамента юстиции Актыубинской области Азамат Умирбекович Бердыбеков, 17.09.2020 12:42:47, положительный результат проверки ЭЦП

2020 жылғы 10 қыркүйегі
№ 524
Шалқар аудандық
мәслихатының шешіміне
1 қосымша

Шалқар ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары

1. Жиналыстар, митингілер, пикеттеу ұйымдастыру және өткізу үшін:

№	Арнайы орындар	Материалдық-техникалық жабдықтау	Олардың шекті толу нормасы
1.1	Е.Көтібарұлы және І.Үргенішбаев көшелерінің қиылысындағы І.Үргенішбаев ескерткішінің алды	- жасанды жарықтандыру; - электр энергиясын қосуға арналған нүкте; - санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ететін жабдық (қоқыс үшін жәшіктері); - тұрақ; - арнайы техникаға, өрт техникасына, құтқару және медициналық қызметтеріне арналған кіру және шығу үшін өту жолдары.	300 адамнан артық емес
1.2	Е.Көтібарұлы көшесі бойында орналасқан, «Шалқар аудандық тарихи-өлкетану мұражайы» мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдында	- жасанды жарықтандыру; - электр энергиясын қосуға арналған нүкте; - санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ететін жабдық (қоқыс үшін жәшіктері); - тұрақ; - арнайы техникаға, өрт	300 адамнан артық емес

		техникасына, құтқару және медициналық қызметтеріне арналған кіру және шығу үшін өту жолдары.	
--	--	--	--

2. Демонстрациялар, шерулер ұйымдастыру және өткізу үшін:

№	Арнайы орындар	Материалдық-техникалық жабдықтау	Олардың шекті толу нормасы
2.1	Бозой тас жолынан, әрі қарай А.Жұбанов көшесінің бойымен Е.Көтібарұлы және І.Үргенішбаев көшелерінің қиылысына дейін	маршруттың ұзақтығы 1 километр 700 метрді құрайды; - көшелер бойы жарықтандырылған; - санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ететін жабдық (қоқыс үшін жәшіктері); - тұрақ; - арнайы техникаға, өрт техникасына, құтқару және медициналық қызметтеріне арналған кіру және шығу үшін өту жолдары.	200 адамнан артық емес
2.2	Ә.Молдағұлова және Е.Көтібарұлы көшелерінің қиылысынан, әрі қарай Е.Көтібарұлы көшесінің бойымен Желтоқсан көшесіне дейін	маршруттың ұзақтығы 990 метрді құрайды; - көшелер бойы жарықтандырылған; - санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ететін жабдық (қоқыс үшін жәшіктері); - тұрақ ; - арнайы техникаға, өрт техникасына, құтқару және медициналық қызметтеріне арналған кіру және шығу үшін өту жолдары.	200 адамнан артық емес

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланудың осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңы (әрі қарай - Заң) негізінде әзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар жалпыға ортақ пайдаланылатын орын болып табылады және бейбіт жиналыстар өткізу үшін Шалқар ауданының жергілікті өкілді органымен айқындалды.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арналған арнайы орындарда - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін жария іс-шаралар өткізіледі.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арналған арнайы орындарда қолданыстағы Заңды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге «Төтенше жағдай туралы», «Соғыс жағдайы туралы» және «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Осы Тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

2020 жылғы 10 қыркүйегі
№ 524
Шалқар аудандық
мәслихатының шешіміне
2 қосымша

Шалқар ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 400 метр;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтардың шекарасы – 100 метр.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 18.09.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 7444 болып енгізілді

Результаты согласования

Шалқарского районного маслихата - председатель сессии Жанкелді Шыманұлы Былқайыр, 15.09.2020 19:18:55, положительный результат проверки ЭЦП
Шалқарского районного маслихата - секретарь маслихата Скак Изтлеуович Бигеев, 15.09.2020 19:19:42, положительный результат проверки ЭЦП
Шалқарского районного маслихата - председатель сессии Жанкелді Шыманұлы Былқайыр, 15.09.2020 19:20:37, положительный результат проверки ЭЦП
Департамент юстиции Актюбинской области - Заместитель руководителя Департамента юстиции Актюбинской области Азамат Умирбекович Бердыбеков, 17.09.2020 12:42:47, положительный результат проверки ЭЦП